

Сандықтау ауданында 2015 жылы субсидияланатын басым ауыл шаруашылық дақылдарына, өсімдік шаруашылығының шығымдылығына және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және себудің оңтайлы мерзімдеріне субсидия алуға өтінімдерді тапсыру мерзімдерін анықтау туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 25 маусымдағы № А-6/150 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 шілдеде № 4853 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 5)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, 2015 жылғы 21 сәуірдегі «А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің № 217 қорытындысына, 2015 жылғы 29 мамырдағы «А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің № 330 қорытындысына сәйкес, Сандықтау ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес өсімдік шаруашылығының шығымдылығына және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарына және қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына субсидия алуға өтінімдерді тапсыру мерзімдері анықталсын.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес, субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарын себудің оңтайлы мерзімдері анықталсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сандықтау ауданы әкімінің орынбасары Қ . С . О м а р о в қ а жүктелсін.

4. Осы қаулы 2015 жылғы 01 мамырдан бастап туындаған құқықтық қатынасқа таралады.

5. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сандықтау ауданының әкімі *А.Исмағамбетов*
 С а н д ы қ т а у а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
 2 0 1 5 ж ы л ғ ы « 2 5 » м а у с ы м
 № А - 6 / 1 5 0 қ а у л ы с ы н а
 1 қосымша

2015 жылға Сандықтау ауданы бойынша субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді тапсыру мерзімдері

№ р/б	Дақылдар атауы	Өтінімдерді тапсыру мерзімдері
1	Жаздық бидай	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
2	Жаздық арпа	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
3	Сұлы	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
4	Тары	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
5	Қарақұмық	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
6	Ас бұршақ	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
7	Нұт	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
8	Жасымық	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
9	Рапс	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
10	Қыша	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
11	Күнбағыс	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
12	Майлы зығыр	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
13	Бір жылдық шөптер	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
14	Судан шөбі тұқымға	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
15	Көп жылдық дәнді және ағымдағы жылдың бұршақты шөптері	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
16	Жүгері сүрлемге және жемшөп дайындау	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
17	Картоп	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін
18	Көкөністер	6 шілдеден бастап 24 шілдеге дейін

С а н д ы қ т а у а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
 2 0 1 5 ж ы л ғ ы « 2 5 » м а у с ы м
 № А - 6 / 1 5 0 қ а у л ы с ы н а
 2 қосымша

2015 жылға Сандықтау ауданы бойынша субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарын себудің оңтайлы мерзімдері

№ р/б	Дақылдардың атауы	Себу мерзімдері

1	Жаздық бидай	10 мамырдан бастап 3 маусымға дейін
2	Жаздық арпа	25 мамырдан бастап 7 маусымға дейін
3	Сұлы	25 мамырдан бастап 7 маусымға дейін
4	Тары	20 мамырдан бастап 2 маусымға дейін
5	Қаракұмық	18 мамырдан бастап 30 мамырға дейін
6	Ас бұршақ	15 мамырдан бастап 30 мамырға дейін
7	Нұт	7 мамырдан бастап 28 мамырға дейін
8	Жасымық	20 мамырдан бастап 31 мамырға дейін
9	Рапс	15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін
10	Қыша	15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін
11	Күнбағыс	10 мамырдан бастап 31 мамырға дейін
12	Майлы зығыр	17 мамырдан бастап 31 мамырға дейін
13	Бір жылдық шөптер	10 мамырдан бастап 5 шілдеге дейін
14	Судан шөбі тұқымға	17 мамырдан бастап 25 мамырға дейін
15	Көп жылдық дәнді және ағымдағы жылдың бұршақты шөптері	1 мамырдан бастап 15 шілдеге дейін
16	Жүгері сүрлемге және жемшөп дайындау	10 мамырдан бастап 31 мамырға дейін
17	Картоп	10 мамырдан бастап 10 маусымға дейін
18	Көкөністер	8 мамырдан бастап 15 маусымға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК